

# KETTLER

ESTABLISHED IN  
GERMANY



REAR DRIVE



KETT ADJUSTABLE  
STRIDE LENGTH




KETT  
CARDIOCONNECT



BLUETOOTH LOW  
ENERGY



kinomap



# Rivo 5

## Elliptical trainer

ЭЛЛИПСТИК ЖАТТЫГУ ҚҰРЫЛҒЫСЫН ПАЙДАЛАНУ ЖӘНЕ ҚҰРАСТАРЫРУ  
ЖӨНІНДЕГІ НҰСҚАУЛЫҚ ЖАТТЫГУ ЖАСАУ БОЙЫНША ҰСЫНЫМДАР



## МАЗМҰНЫ

KETTLER — ГЕРМАНИЯДАН ШЫҚҚАН	2
1 ҚАУІПСІЗ ПАЙДАЛАНУ ЖӨНІНДЕГІ НҰСҚАУЛАР	3
2 ТЕХНОЛОГИЯЛАР	6
3 KETTLER RIVO 5 ТЕХНИКАЛЫҚ СИПАТТАМАЛАРЫ	7
4 ЖАТТЫҒУ ҚҰРЫЛҒЫСЫН ҚҰРАСТАРЫУ	8
1. Жиынтықтамасы	8
2. Құрал-саймандар мен бекітпелер жинағы	10
3. KETTLER Rivo 5 құрастыру жөніндегі нұсқаулығы	12
5 ЖАТТЫҒУ ҚҰРЫЛҒЫСЫН ПАЙДАЛАНУФА ДАЙЫНДАУ	21
1. Педальдар қалпын реттеу	21
2. Жүктемені реттеу	21
3. Пульс датчиктері	21
4. Жаттығу құрылғысын жылжыту	22
6 ЖАТТЫҒУ КОМПЬЮТЕРИ	23
1. Батырмалардың функциялары	23
2. Жаттығу компьютерінің дисплейінде ақпараттың көрсетілуі	23
3. Пайдаланушы профилін тәңшеу және режимді таңдау	24
4. Мақсаттық мәндерді тәңшеу	24
5. Пульсті өлшеу	24
6. ҚАЛПЫНА КЕЛТИРУ (RECOVERY) функциясы	25
7. Мобилді құрылғыларды қосу	26
8. Күту режимі	26
7 ЖАТТЫҒУ БОЙЫНША ҰСЫНЫМДАР	27
1. Дене дайындығы деңгейін анықтау	27
2. Пульсті өлшеу	27
3. Жаттығу процесін үйімдастыру	27
4. Бой қыздыру және қалпына көлтіру	29
8 ЖАТТЫҒУ ҚҰРЫЛҒЫСЫНА ТЕХНИКАЛЫҚ ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУ ЖӘНЕ ЖӨНДЕУ	34
1. Жаттығу құрылғысына пайдаланушы тарапынан көрсетілетін техникалық қызмет	34
2. Жаттығу құрылғысына сервистік орталық мамандарының тарапынан көрсетілетін техникалық қызмет	34
3. Жаттығу құрылғысын жөндеу	34
9 ЖАТТЫҒУ ҚҰРЫЛҒЫСЫН ТАСЫМАЛДАУ, САҚТАУ ЖӘНЕ КӘДЕГЕ ЖАРАТУ	35
1. Жаттығу құрылғысын тасымалдау	35
2. Жаттығу құрылғысын сақтау шарттары	35
3. Жаттығу құрылғысын көдеге жарату	35

## **KETTLER — ГЕРМАНИЯДАН ШЫҚҚАН**

KETTLER брендінің тарихы 1949 жылғы 15 қаңтарда басталған, сол кезде Хайнц Кеттлер Германияның батысындағы Энзе қаласында шағын металлургия фабрикасын ашқан болатын. Уақыт өте келе жасап шығарылатын өнім ассортименті кеңейтіліп, 1966 жылғы 25 қазанда KETTLER сауда маркасы тіркеледі. 1968 жылы фабрикада спорттық жаттығу құрылғыларының өндірісі іске қосылады. Бұл бағыт, басқаларымен қатар, KETTLER брендін Германияда және бүкіл әлемде ең танымал брендтердің біріне айналдырады. Өз өнімі үшін өндіруші беделді халықаралық сыйлықтарға ұсынылған болатын.

2009–2011 жж. аралығында Plus X Award® сыйлығында KETTLER «Ең инновациялық бренд» арнайы марапатын үш рет алды. Сыйлық номинанттарын анықтағанда Heinz Kettler GmbH & Co. KG компаниясының спорттық индустрияны дамытуға қосқан үлесі ескерілді. 2013 жылды ISPO® сыйлығында KETTLER Racer S велоэргометрі денсаулыққа және фитнеске арналған тауарлар арасында «Алтын женімпаз» номинациясының көшбасшысы атанды. 2017 жылды KETTLER ERGO C10 велоэргометрі «Тамаша дизайн» номинациясында German Design Award Special® сыйлығына ие болды.

Пайда болғаннан бергі жолында бренд саламатты өмір салтының синониміне айналады – KETTLER өнімінің арқасында пайдаланушылардың бірнеше буыны тұрақты жаттығуды пайдалы дағдыға айналдырды. Бүгінгі таңда да KETTLER компаниясы бүкіл әлемде адамдарды спортпен шұғылдануға, өз деңсаулығының қамын ойлауға және өмір сапасын арттыруға жігерлендіріп келеді.

Біздің жаттығу құрылғымызды сатып алғаныңыз үшін алғыс білдіреміз. KETTLER Rivo 5 әллипстік жаттығу құрылғысында заманауи технологиялар мен эргономикалық дизайн үйлескен. Үйдегі жайлышта да әллипстік жаттығу құрылғысында жаттығу сізге дене сымбатын жақсартуға және жүрек-қан тамыр жүйесін нығайтуға көмектеседі.



**Назар аударыңыз!**

Жаттығу құрылғысын құрастырмай және пайдаланбай тұрып, осы Пайдалану мен құрастыру нұсқаулығын мүқият оқып шығыңыз. Онда жаттығу құрылғысын қауіпсіз пайдалану, оған техникалық қызмет көрсету және сақтау туралы маңызды ақпарат берілген. Бұл Нұсқаулықты жаттығу құрылғысын пайдаланатын бүкіл мерзімінде міндетті түрде сақтаныз.

## **1 ҚАУІПСІЗ ПАЙДАЛАНУ ЖӨНІНДЕГІ НҰСҚАУЛАР**

- Жаттығу құрылғысы тек қана үй жағдайларында пайдалануға арналған. Жаттығу құрылғысын коммерциялық мақсатта пайдалануға тыйым салынады.
  - Жаттығу құрылғысының барлық пайдаланушыларын қауіпсіздік шаралары туралы ақпараттандыру үшін жауапкершілік жаттығу құрылғысының иесіне жүктеледі.
  - Егер өндіруші жаттығу құрылғысында ескеरту белгілерін қарастырған болса, олармен танысып шығыңыз. Жаттығу құрылғысын пайдаланудың бүкіл мерзімінде ондағы ескерту белгілерін сақтаңыз.

⚠ НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ! Жаттығу құрылғысын құрастыру кезінде орынжайда кішкентай балалардың жоқтығына көз жеткізіңіз. Ұсақ бөлшектер 3 жасқа дейінгі балалар үшін өте қауіпті.

⚠ НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ! Балалар мен үй жануарларын жаттығу құрылғысы жұмыс істеп тұрған орынжайда қараусыз қалдырмаңыз. Жаттығу құрылғысының қозғалыстағы механизмдеріне адамның не жануардың дене мүшесі қысылып қалса, жарақатқа немесе өлімге әкелуі мүмкін.

  - Балалар және физикалық, сенсорлық немесе ақыл-ой мүмкіндіктері шектеулі адамдар тек өздерінің қауіпсіздігіне жауапты тұлғалардың бақылауымен ғана жаттығу құрылғысын пайдалана алады немесе жұмыс істеп тұрған жаттығу құрылғысының қасында бола алады.

⚠ НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ! Жаттығу құрылғысының қуат кабелін тек жерге дұрыс тұйықталған розеткаға қосыңыз. Электр желісі мен жаттығу құрылғысы арасында жеткізілім жиынтығына кірмейтін ұзартқыштарды және өтпелі бейімдегіштерді пайдаланбаңыз. Бұл ҚАҚ (қорғаныштық ажырату құрылғысы) жүйесінің жұмысын бұзып, өрт шығу немесе электр тоғының соғу қаупін арттыруы мүмкін.

  - Жаттығуды бастамас бұрын міндетті түрде толық медициналық тексеруден өтуге кеңес береміз. Бұл, әсіресе, 35 жастан асқан, ұзақ уақыт бойы спортпен айналыспаған, жүрек-қантамыр жүйесіне қатысты ауруларға бейімділігі бар немесе басқа да ауруларға шалдықкан адамдар үшін өте маңызды. Жаттығу бағдарламаларын құрудың негізіне медициналық тексеру нәтижелері жатқызылуы тиіс. Дұрыс жасалмаған жаттығу бағдарламасы мен шамадан тыс жаттығулар деңсаулығының айтартылған зиян тигізу мүмкін. Егер қандай да бір ауруларыңыз анықталған болса, жаттығу құрылғысын пайдалануға болатыны туралы шешімді тек дәрігер ғана қабылдай алады.

⚠ НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ! Жаттығу құрылғысы дәлдігі жоғары жабдық класына жатпайды, жүрек ырғагын мониторингтеу жүйесінің көрсеткіштері нақты мәндерден өзгеше болуы мүмкін. Жаттығу кезінде ағза мүмкіндіктерін асыра бағалау ауыр жарақатқа немесе өлімге әкелуі мүмкін. Егер басыңыз айналса немесе әлсіздік сезеген болсаңыз, жаттығуды дереу тоқтатып, қажет болса, медициналық көмекке жүгініңіз. Жаттығу құрылғысын терапиялық мақсатта пайдалануға тыйым салынады.

  - Жаттығу құрылғысын алкогольдік масаю күйінде немесе реакция мен зейінді нашарлататын препаратордың әсерінде пайдалануға тыйым салынады. Бұл ауыр жарақатқа немесе өлімге әкелуі мүмкін.
  - Жаттығу құрылғысын тек қана тікелей мақсаты бойынша, осы Нұсқаулыққа сәйкес пайдаланыңыз.

⚠ НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ! Жаттығу құрылғысын қолданар алдында оның апattyқ тоқтату механизмімен мұқият танысып шығыңыз.

  - Жаттығу құрылғысына әрқашанда ол толық тоқтап тұрғанда ғана абайлап мініп-түсініз.
  - Жаттығу құрылғысының еркін жүріс механизмі жоқ кейбір қозғалмалы бөліктерін бірден тоқтату мүмкін емес екендігіне назар аударыңыз.

- Жарақаттанып қалмау үшін қолыңызды жаттығу құрылғысының қозғалмалы бөліктеріне қоймаңыз.
- Жаттығу құрылғысында бір уақытта тек бір адам ғана жаттыға алады.
- Егер салмағыңыз осы Нұсқаулықтың «Техникалық сипаттамалар» бөлімінде көрсетілген пайдаланушының максималды рұқсат етілген салмағынан асатын болса, жаттығу құрылғысын пайдалануға рұқсат етілмейді.
- Жаттығу құрылғысында жаттықкан кезде тек спорттық киім мен аяқ киімді киіңіз. Киім тым кең болмауы тиіс. Жаттығу кезінде киім мен аяқ киім бөлшектері жаттығу құрылғысының бөлшектеріне ілініп қалмауын қадағалаңыз. Жалаң аяқ немесе тірек бетінде (мысалы, тірек алаңында, педальда және т. б.) аяқ басын орнықты қоюға мүмкіндік бермейтін немесе табаны жаттығу құрылғысын зақымдауы мүмкін аяқ киіммен жаттықпаңыз.
- Жаттығу құрылғысының жаңында жоғары деңгейлі электрмагнитті сәулеленуі бар қандай да болсын құрылғыны пайдаланбаңыз, электрмагнитті сәулелену жаттығу құрылғысы компьютерінің көрсеткіштеріне әсер етуі мүмкін.
- Жаттығу құрылғысында жаттығу жасамаған кездің бәрінде оны өшірулі күйде ұстаңыз. Егер жаттығу құрылғысы ұзақ уақыт бойы пайдаланылмаған болса, оны электр желісінен ажыратып қойыңыз. Егер басқару компьютері бар болса, алдымен жаттығу құрылғысының компьютерін өшіріп, содан кейін қуат кабелін электр желісінен ажыратыңыз.

**⚠ НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ!** Жаттығу құрылғысын тазалау, техникалық қызмет көрсету немесе жөндеу алдында оны міндетті түрде электр желісінен ажыратыңыз. Өшіргеннен кейін тағы 10 минут күте тұрыңыз, электр заряды жаттығу құрылғысында осынша уақыт бойы сақталуы мүмкін.

**⚠ НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ!** Электр желісінен қуат алатын жаттығу құрылғысын пайдаланған кезде электр жабдығына қатысты жалпы қауіпсіздік техникасы ережелерін сақтаңыз. Жаттығу құрылғысының қуат кабелін кілемді жабындардың астынан еткізбеніз, қызып тұрған беттер мен жылыту аспаптарынан аулақ ұстаңыз. Жаттығу құрылғысын пайдаланған әр кезде алдымен қуат кабелін және қуат сымының ашасын зақымдарға тексеріп отырыңыз.

- Егер жаттығу құрылғысының желдетуге арналған тесіктері бар болса, орнатқан кезде олар жабылып қалмағанын қадағалаңыз.

**⚠ НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ!** Жаттығу құрылғысында жаттығу кезінде бөгде иіс немесе тұтін шықса, жаттығуды дереу тоқтатып, жаттығу құрылғысын электр желісінен ажыратыңыз. Ақаулы жаттығу құрылғысына өзініз диагностика жасап, жөндеуге тырыспаңыз, одан да Сатушының сервистік қызметіне жүгініңіз.

- Жаттығу құрылғысын орнататын орынды таңдағанда оның айналасында әр жағынан кем дегенде 0,5 м бос кеңістікті қамтамасыз етіңіз.
- Жаттығу құрылғысының қатты, жазық және тегіс бетке орнату қажет. Еден жабынына сызаттан қорғау үшін жаттығу құрылғысының астына арнайы резенке кілемшені төсөніз. Жаттығу құрылғысы тегіс емес бетке немесе жұмсақ жабынға орнатылған болса, орнықтылығы нашарлап, аударылып кетуі мүмкін.
- Жаттығу құрылғысының астына бөгде заттарды қойып, оның көлбеу бұрышын өзгертпеніз.
- Жаттығу құрылғысы ауа температурасы +10 °C пен +35 °C аралығындағы және салыстырмалы ылғалдылығы 75% дейінгі орынжайларда пайдалануға арналған. Жаттығу құрылғысын шаңды, ылғалды, жылытылмайтын орынжайларда, сондай-ақ аэрозоль мен жанғыш газдар шашырайтын жерлерде пайдаланбаңыз және сақтамаңыз.
- Жаттығу құрылғысын ылғалдылығы жоғары орынжайларда, мысалы, душ кабинасының, бу бөлмесінің немесе бассейннің жаңында орнатпаңыз. Жоғары ылғалдылық жаттығу құрылғысының электрондық және басқа да компоненттеріне кері әсер етуі мүмкін.
- Жаттығу құрылғысының бөлшектерін үнемі шаңдан және басқа ластанудан тазартып отырыңыз. Жаттығу құрылғысының компьютері мен механизмдерін судан және басқа сұйықтықтардан қорғаңыз. Жаттығу құрылғысы орнатылған орынжай жақсы желдетіліп тұрғанын қадағалаңыз.
- Жаттығу құрылғысын тазарту үшін сумен немесе жуғыш құралдың әлсіз ерітіндісімен суланған жұмсақ түкісінде сулығын пайдаланыңыз. Жуғыш құралды тікелей жаттығу құрылғысына жақпаңыз. Жаттығу құрылғысын тазалау үшін ерітіштер мен абразивті тазартқыш құралдарды пайдаланбаңыз. Бұл жаттығу құрылғысы элементтерін қорғайтын лак-бояу жабының зақымдауы мүмкін.
- Жаттығу құрылғысының ішіне бөгде заттардың түсіп кетпеуін қадағалаңыз. Жаттығу құрылғысының ішіне бөгде зат түскенде жаттығуды тоқтатыңыз, жаттығу құрылғысын электр желісінен ажыратыңыз. Егер оны өз бетіңізше және қауіпсіз шығара алмайтын болсаңыз, Сатушының сервистік қызметіне хабарласыңыз.


- Қауіпсіз пайдалану жөне қызмет мерзімін ұзарту үшін жаттығу құрылғысының бұрандалы қосылыстары босап қалмағанын, сондай-ақ жеке бөлшектері зақымдалып, тозбағанын уақтылы тексеріп отыру қажет. Жаттығу құрылғысын құрастырғанда жасалған бұрамалы қосылыстарды ай сайын кемінде бір рет тексеріп жүрініз. Егер қажет болса, сол қосылыстарды қатайтып шығыңыз. Жаттығу құрылғысының жылжымалы жөне үйкелісегін тораптарын арнайы майлағышпен (бөлек сатып алынады) тұрақты түрде өндеп отыруды ұсынамыз.
- Жаттығу құрылғысында ақау пайда болса (қалыпты жұмысина тән емес дыбыс шықса, қозғалмалы бөлшектері айқасып не бүгітталып қалса жөне т. б.), оны пайдалануды дереу тоқтатыңыз. Өз бетімен жөндеуден өткізу үшін Сатушының сервистік қызметіне жүргінуізді сұраймыз.
- Жаттығу құрылғысының конструкциясына қандай да бір өзгерістер өнгізу немесе өндіруші не оның үәкілетті өкілі ұсынбаған аксессуарлар мен бұйымдарды пайдалану жабдықтың бұзылуының, пайдаланушының жарақаттануының себебіне айналуы мүмкін, сонымен қатар кепілді қызмет көрсетуден бас тартуға негіз болуы мүмкін.
- Өндіруші тұтынушыларға алдын ала хабарламай, бұйымдардың жиынтықтамасына, дизайнына, функциялық мүмкіндіктеріне, соның ішінде техникалық жөне бағдарламалық жасақтамасына өзгерістер өнгізу құқығын өзіне қалдырады.

## 2 ТЕХНОЛОГИЯЛАР



### REAR DRIVE

Артқы бөлігінде орналасқан сермер жаттығу құрылғысын неғұрлым ықшамды етеді, сондықтан ол үйде немесе шектеулі кеңістіктерде пайдалану үшін мінсіз.



### KETT ADJUSTABLE STRIDE LENGTH

Педальдарын реттеу мүмкіндігінің арқасында жаттығу құрылғысында бойы әртүрлі пайдаланушылар жаттыға алады. Конструкцияда пайдалануышының бойына қарай педальдарды үш қалыпта реттеу мүмкіндігі қарастырылған.



### KETT CardioConnect

Кардиодатчыктің сымсыз сигналын қабылдау/жіберу технологиясы. Жаттығу кезінде пульсті өлшейді және жаттығу компьютерінде нәтижелердің көрсетілуін сымсыз қамтамасыз етеді.




### KINOMAP

Жаттығу құрылғысының Kinomap қолданбасына максималды түсінікті тәсілмен қосылуын қамтамасыз ететін технология. KETTLER модельдерінің бүкіл қатары қолданбаның бөлек мәзіріне жинақталған.

Kinomap қолданбасындағы жаттығулардың нәтижелері мен дене белсенділігін: оқиғаларды, жаттығуларды, прогресс пен т. б. қадағалайтын әртүрлі құрама қолданбалардың деректерін синхрондау қосымша ойластырылған. Мысалы, FITNESS App (IOS) қолданбасымен. Жаттығу мен дене белсенділігі туралы деректер Kinomap қолданбасы арқылы FITNESS App қолданбасына смарт-сағат арқылы ендіріледі.

Смартфонға/планшетке (IOS, Android) арналған Kinomap қолданбасының өзі жаттығу құрылғысын фитнеске арналған сауық кешеніне айналдырады. Жүктемесі реттелетін жаттығудың виртуалды симуляциясын жасайды және жаттығу үшін өзініздің жеке видео-контентінде жүктеуге мүмкіндік береді.



### BLUETOOTH LOW ENERGY

Bluetooth спецификациясының жаңа версиясы қолданбалардың кең диапазонын қолдау мүмкіндігін береді және кәсіби және әуесқой спорт салаларында пайдаланылуын ыңғайлы ету үшін ақырғы құрылғының өлшемін кішірейтеді.

### 3 KETTLER RIVO 5 ТЕХНИКАЛЫҚ СИПАТТАМАЛАРЫ

<b>Жаттығу құрылғысының моделі</b>	Elliptical trainer Rivo 5
<b>Класы</b>	HB
<b>Жүктеу жүйесі</b>	Магнитті
<b>Сермер массасы</b>	9 кг
<b>Жүктемені реттеу</b>	Автоматты
<b>Жүктеме деңгейлері</b>	16
<b>Қадам ұзындығы</b>	380 мм
<b>Q-фактор</b>	175 мм
<b>Пульсті өлшеу</b>	Тұтқалардағы датчик, кеуде кардиодатчигі (жыныстыққа кірмейді)
<b>Жаттығу компьютерінің қуат көзі</b>	Қуат бейімдегіші, 220 вольт
<b>Жаттығу құрылғысының өлшемдері</b>	152×67×170 см
<b>Қаптама өлшемі</b>	117×38×65 см
<b>Салмағы</b>	62 кг
<b>Қаптамадағы салмағы</b>	68 кг
<b>Пайдаланушының максималды салмағы</b>	130 кг
<b>Жаттығу компьютерінің дисплейі</b>	110×82 мм
<b>Бағдарламалар</b>	18 бағдарлама (4 пайдаланушы бағдарламасы, Recovery функциясы), пайдаланушы профилін сақтау (4 пайдаланушы + қонақ)
<b>Жаттығу компьютерінің дисплейінде көрсетілетін деректер</b>	Жаттығу уақыты, жылдамдық, өткен қашықтық, жүктеме деңгейі, калориялар, пульс жиілігі, минуттағы айналымдар саны, мақсаттық теңшеулер, қалпына келу жылдамдығы, ватпен көрсетілген жүктеме
<b>Қосынша функциялар</b>	Кардиодатчик сигналын қабылдағыш, Түре-С ағытпасы, сымсыз зарядтау құрылғысы, мобилді құрылғыларды қосу мүмкіндігі, интерактивті қолданбалар көмегімен жаттығу мүмкіндігі, бөтөлке ұстағыш, мобилді құрылғы ұстағыш, тасымалдағыш роликтер, еден қысықтығының компенсаторлары.
<b>Кепілдік мерзімі</b>	Жаттығу құрылғысына – 3 жыл, қаңқасына – 7 жыл

## 4 ЖАТТЫҒУ ҚҰРЫЛҒЫСЫН ҚҰРАСТЫРУ

⚠ НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ! Қаптаманы ашып, құрастыруды бастамас бұрын жаттығу құрылғысын құрастыруды жоспарлаған орынжайда 3 жасқа дейінгі кішкентай балалар жоқ екеніне көз жеткізіңіз.


Жаттығу құрылғысы көлемді және ауыр бөлшектерден тұрады. Жарақат алып қалмау үшін жаттығу құрылғысын қатаң түрде көмекшімен бірге құрастыруға кеңес береміз.

Егер жаттығу құрылғысы нөлден тәмен температурада тасымалданған болса, құрастыруды бастамас бұрын жаттығу құрылғысын жылдытылатын орынжайда кемінде 6 сағат ұстау қажет.

### 4.1 Жиынтықтама

Құрастыруға кірісер алдында конструкцияның және бекітпенің бүкіл элементтерін бос аланда жайып қойып, қаптау материалын алып тастауга кеңес береміз. Қаптамада ештеңе қалып қоймағанына көз жеткізіңіз. Конструкцияның, құрал-саймандар мен бекітпенің барлық элементтері мәлімделген мөлшерде екеніне көз жеткізіңіз. Жаттығу құрылғысының кейбір бөліктегі алдын ала құрастырылған күйде жеткізілетініне назар аударыңыз.

Өндіруші нөмірлері	Атауы	Саны
1	Жаттығу компьютері	1 д.
7	Тұтқа	1 д.
8	Тұтқа тағаны	1 д.
12	Жоғарғы сол жақ тұтқа	1 д.
20	Ось	1 д.
23	Жоғарғы оң жақ тұтқа	1 д.
24	Тәменгі тұтқа	2 д.
36	Алдыңғы тірек	1 д.
67	Сол жақ педаль	1 д.
68	Сол жақ педаль тірегі	1 д.
84	Негізгі қаңқа	1 д.
100	Оң жақ педаль	1 д.
101	Оң жақ педаль тірегі	1 д.
106	Қуат бейімдегіші	1 д.
108	Артқы тірек	1 д.
116	Бөтелкө ұстасыш	1 д.
	Бекітпе мен құрал-саймандар жинағы	2 жинақ
	Пайдаланушы нұсқаулығы	1 д.
	Кепілдік шарттары	1 д.




## 4.2 Құрал-саймандар мен бекітпелер жинағы


Өндіруші нөмірлері	Атауы	Саны
14	Ішкі жағы алтықырлы бұран M8×P1,25×20	2 д.
15	Тығырық d8×D16×2T	10 д.
16	Пластик төлке	2 д.
18	Ішкі жағы алтықырлы бұран M8×P1,25×16L	4 д.
19	Толқынды тығырық d19,5×D25×0,3T	2 д.
25	Тәменгі түтқаның сол жақ қақпағы	2 д.
26	Ішкі жағы алтықырлы бұран M10×P1,25×20L	4 д.
31	Бұранда M4×8L	4 д.
32	Ішкі жағы алтықырлы бұран M8×P1,5×45L	4 д.
33	Тәменгі түтқаның оң жақ қақпағы	2 д.
70	Бітеуіш	2 д.
109	Алтықырлы бұран M8×P1,25×20	2 д.
110	Тығырық d8×D22×2T	2 д.
111	Төлке d17×D22×22	2 д.
118	Тұқыр кілті, 13/14 мм	1 д.
119	Алтықырлы кілт, 6 мм	2 д.
120	Алтықырлы кілт, 5 мм	2 д.

**RIVO 5****KETTLER**


1-ҚАДАМ



32

18  
15

3-ҚАДАМ



109




110



111

5-ҚАДАМ



26




31


4-ҚАДАМ




14




15



19



119




120


118

**RIVO 5****KETTLER**


3-ҚАДАМ



70




4-ҚАДАМ



16

5-ҚАДАМ



25



33

### 4.3 KETTLER Rivo 5 құрастыру жөніндегі нұсқаулығы

#### 1-қадам

Тасымалдағыш роликтері бар алдыңғы тіректі (36) қаңқаның (84) алдыңғы бөлігіне орнатыныз және алтықырлы кілтті (120) пайдалана отырып, ішкі жағы алтықырлы бүрандардың (32, 18) және тығырықтардың (15) көмегімен бекітіңіз.


Қаңқаның (84) артқы бөлігіне артқы тіректі (108) орнатыныз және алтықырлы кілтті (120) пайдалана отырып, ішкі жағы алтықырлы бүрандардың (32, 18) және тығырықтардың (15) көмегімен бекітіңіз.



## 2-қадам

Қаңқаның (84) негізінен алтықырлы кілттің (120) көмегімен алдын ала орнатылған бұрандарды (18) бұрап алыңыз және тығырықтарды (15) шешіп алыңыз.


Жоғарғы сигналдық кабельді (114) төменгі сигналдық кабельге (102) жалғаңыз. Алтықырлы кілтті (120) пайдалана отырып, тұтқа тағанын (8) бұрандар (18) мен тығырықтардың (15) көмегімен негізгі қаңқаға (84) бекітіңіз. Кабель мен сымарқанның таған мен қаңқаның арасына түсіп кетуіне жол берменіз.



### 3-қадам

Педальдің сол жақ тірегін (68) негізгі қаңқаның (84) сол жақ білігіне орнатыңыз және тұқыр кілтті (118) пайдалана отырып, бұранның (109), тығырықтың (110) және төлкенің (111) көмегімен бекітіңіз. Бітеуішті (70) қондырыңыз.


Дәл сол әрекеттерді педальдің оң жақ тірегі (101) үшін қайталаңыз.



#### 4-қадам

Осьті (20) тұтқа тағанына (8) орнатыңыз. Жоғарғы тұтқалар (12) және (23) таңбаланған: L — сол жақ, R — оң жақ. Толқынды тығырықты (19), содан кейін жоғарғы тұтқаны (12) жаттығу құрылғысының сол жағындағы оське (20) орнатыңыз және алтықырлы кілтті (120) пайдалана отырып, бұранның (14), тығырықтың (15) және төлкенің (16) көмегімен бекітіңіз.

Дәл сол әрекеттерді педальдің жоғарғы оң жақ тұтқасы (23) үшін қайталаныз. Екі алтықырлы кілтті (120) пайдалана отырып, жаттығу құрылғысының екі жағындағы бұрандарды (14) тартып бұраңыз.



## 5-қадам


Сол жақ жоғарғы тұтқаны (12) төменгі тұтқаның (24) құбырына кіргізіңіз. Алтықырлы кілтті (120) пайдалана отырып, жоғарғы тұтқаны бұрандар (18) мен тығырықтардың (15) көмегімен бекітіңіз.

Дәл сол әрекеттерді жаттығу құрылғысының оң жағы үшін қайталаңыз.

Төменгі сол жақ тұтқаны (24) педальдің сол жақ тірегінің кронштейніне (68) жайғастырыңыз және екі алтықырлы кілтті (119) пайдалана отырып, бұрандалардың (26) көмегімен бекітіңіз.


Тұқыр кілттің айқыш бұрауышын (118) пайдалана отырып, тұтқаның сол жақ (25) және оң жақ (33) қақпағын бұрандалардың (31) көмегімен бекітіңіз.

Дәл сол әрекеттерді оң жақ төменгі тұтқа (24) үшін қайталаңыз.




**6-қадам**

Алтықырлы кілттің (120) көмегімен тұтқадан (7) алдын ала орнатылған бұрандарды (18) бұрап алып, тығырықтарды (15) шешіңіз. Сигналдық кабельді (114) тұтқадағы (7) тесік арқылы тағаннан (8) өткізіңіз. Алтықырлы кілтті (120) пайдалана отырып, тұтқаны (7) бұрандар (18) мен тығырықтардың (15) көмегімен тұтқа тағанына (8) бекітіңіз.



### 7-қадам

Тұқыр кілттің (118) айқыш бұрауышының көмегімен жаттығу компьютерінен (1) алдын ала орнатылған бұрандаларды (52) бұрап алыңыз. Сигналдық кабельді (114) және пульс датчигінің кабелін (112) жаттығу компьютеріне (1) қосыңыз. Тұқыр кілттің (118) айқыш бұрауышын пайдалана отырып, бұрандардың (52) көмегімен жаттығу компьютерін (1) тұтқа тағанына бекітіңіз.




## 8-қадам

Педальдар таңбаланған: L – сол жақ, R – оң жақ. Сол жақ педальді (67) педальдің сол жақ тірегіне (68) орналастырыңыз және қолсаптардың (69) көмегімен тіректің алдыңғы жиегіне қатысты үш қалыптың біреуінде бекітіңіз. Пайдаланушының бойы неғұрлым биік болса, педаль тіректің алдыңғы шетінен соғұрлым алыс орналастырылуы тиіс.

Дәл сондай әрекеттерді оң жақ педаль (100) үшін қайталаңыз. Педальдардың орналасуы педальдар тірегінің алдыңғы шетіне қатысты бірдей болуы тиіс екенине назар аударыңыз.


Бөтелке ұстағышты (116) бөтелкө ұстағыштың негізіне (21) үстінен төмен қарайғы бағытта орнатыңыз.



**9-қадам**

Қуат беру бейімдегішінің кабелін (106) жаттығу құрылғысындағы тиісті ағытпаға кіргізіңіз.


Жаттығу құрылғысы құрастырылды және пайдалануға дайын!



## 5 ЖАТТЫҒУ ҚҰРЫЛҒЫСЫН ПАЙДАЛАНУҒА ДАЙЫНДАУ

### 5.1 Педальдар қалпын реттеу

Жаттығу құрылғысының конструкциясында педальдардың қалпын пайдаланушының бойына қарай реттеу мүмкіндігі қарастырылған. Жаттығу құрылғысын бойыңызға сәйкес теңшеу үшін педальдарды үш қалыптың біреуінде орнатыңыз: педальдардың тіректерінде алты тесік орналасқан – әр қалпына екі тесіктен. Қолсаптарды (69) бұрап алыңыз да, педальдарды қажетті қалыпта орнатыңыз, содан кейін қолсаптарды тартып бұраңыз. Пайдаланушының бойы неғұрлым аласа болса, педальдар тіректің алдыңғы шетіне соғұрлым жақын болуы тиіс. Егер пайдаланушының бойы биік болса, онда педальдар тіректің алдыңғы шетінен алшақ орналастырылуы тиіс. Екі педальдің орналасуы педальдар тірекінің алдыңғы шетіне қатысты бірдей болуы тиіс екеніне назар аударыңыз.



### 5.2 Жүктемені реттеу

Осы модельде 16 жүктеме деңгейі қарастырылған. Жүктеме жаттығу компьютерінің көмегімен реттеледі. Пайдаланушыға алдын ала орнатылған жаттығу бағдарламаларының біреуін таңдауға, арнайы онлайн-қолданбалардың көмегімен жаттығуға немесе жүктемені өз бетімен теңшеуге болады.

### 5.3 Пульс датчиктері

Пульс датчиктері дұрыс жұмыс істеуі үшін тұтқадағы сенсорлық тілімшелер алақанға тығыз, бірақ тым қатты емес жанасып тұруы керек. Сенсорлар жұмысы электрлік потенциалды өлшеуге негізделген, сол себепті алақандар сәл дымқыл болуы тиіс. Алақанға крем мен май жақланызы, өйткені оның терідегі қабаты өлшеуге кедергі келтіруі мүмкін. Пульстің сигналы келгенде дисплейде «жүрек» таңбасы пайда болады. Көрсеткіштер өлшеу басталғаннан кейін шамамен 10 секундта тұрақтанады.


Осы жаттығу құрылғысы шағын кардиодатчик сигналын қабылдағышпен жабдықталған (жыныстыққа кірмейді). Шағын кардиодатчикті пайдалану үшін оны қосымша сатып алу керек. Шағын кардиодатчикті жаттығу компьютеріне қалай қосуға болатыны туралы ақпарат «Жаттығу компьютері» тарауында көрсетілген.



**Назар аударыңыз! Жаттығу құрылғысы медициналық аспап емес, жаттығу компьютерінің көрсеткіштерін тек қана анықтамалық мақсатта жаттығу қарқындылығын бақылау үшін пайдаланған жөн. Егер жаттығу кезінде басыңыз айналса немесе әлсіздік сезген болсаныңыз, жаттығуды деру тоқтатып, қажет болса, медициналық көмекке жүгініңіз.**

## 5.4 Жаттығу құрылғысын жылжыту

Артқы тіректі қолмен ұстап, жаттығу құрылғысы алдыңғы тіректе орналасқан тасымалдағыш роликтерге түрмайынша, абайлап көтеріңіз. Содан кейін жаттығу құрылғысын қажетті орынға жылжытыңыз.



## 6 ЖАТТЫҒУ КОМПЬЮТЕРИ



### 6.1 Батырмалардың функциялары

Функциялар	Жалпы сипаттамасы
Пульсті қалпына келтіру (RECOVERY)	Пульстің қалпына келу жылдамдығын өлшеу. Жаттығу аяқталғаннан кейін RECOVERY батырмасын басыңыз. Бір минуттық интервалдың көрі санағы басталады. Осы интервал аяқталғаннан кейін жүйе пайдаланушының күйін F1–F6 шекілі бойынша бағалайды.
—	Параметрлер мәндерін (уақыт, қашықтық, калориялар, қуат, жүктеме) азайту.
+	Параметрлер мәндерін (уақыт, қашықтық, калориялар, қуат, жүктеме) арттыру.
Бастау/Тоқтау(START/STOP)	Компьютерді қосу және өшіру.
Режим (MODE)	Параметрлер арасында ауысу және параметрлер мәндерін растау.

### 6.2 Жаттығу параметрлерін көрсету

Жүктеме деңгейі	Жалпы сипаттамасы
Ватпен көрсетілген қуат	0–999 (вatt)
Пульс	40–220 (соққы/мин)
ҚОЛМЕН (MANUAL) (жүктеме деңгейі)	1–16
АВТО (AUTO) (ватпен көрсетілген қуат)	70–300 (вatt)
СКАНЕРЛЕУ (SCAN)	Осы индикатор жаңып тұрғанда дисплейде уақыт, қашықтық пен калориялардың мәндері циклді тұрде көрсетіліп тұрады. Индикатор өшкенде циклдік көрсетілу тоқтатылады.
УАҚЫТ (TIME):	0:00–99:00 (мин)
КМ (қашықтық)	0–999 (км)
ККАЛ (KCAL) (калориялар)	0–9999 (ккал)
МИНУТТАҒЫ АЙНАЛЫМДАР (RPM):	0–999 (айн/мин)
КМ/САҒ (KM/H) (жылдамдық)	0–99,9 (км/сағ)

### 6.3 Пайдалануши профилін тәншеву және режимді тандау

Қуат көзін қосқаннан кейін дыбыстық сигнал естіледі. Осыдан кейін Bluetooth арқылы қосылу үшін цифрлар көрсетіледі. Бір секунд өткеннен кейін U0 пайдаланушы белгілемесі шығады.

Пайдаланушины U0 – U4 аралығынан таңдау үшін «+/-» батырмасын басыңыз. Содан кейін **Режим (MODE)** батырмасын басып, жасыңызды, бойыңызды және салмағыңызды көрсетіңіз. Бұдан кейін **Режим (MODE)** батырмасын тағы бір рет басып, MANUAL, PROGRAM немесе AUTO режимін таңдаңыз, мақсатты уақытты, қашықтықты, калориялар мен бағдарламаны көрсетіңіз.

Жаттығуды бірден бастау үшін **Старт/Стоп (START/STOP)** батырмасын басыңыз.

**U0 Пайдалануши профилі** — тіркелмеген пайдаланушы, жүйе оның жасы, бойы және салмағы туралы деректерді сақтамайды, бұл ақпаратты енгізу қажет емес. Әдеткідей теншеулер пайдаланылады: 30 жас, 165 см және 60 кг.


U1 – U4 пайдаланушиларды үшін компьютер жас, бой және салмақ туралы деректерді сақтап қалуы мүмкін. Компьютер көрсеткіштерді дәлірек есептеу үшін нақты деректерді енгізіңіз.

#### Режимдер

ҚОЛ (MANUAL): қол режимінде жаттығу үшін 1–16 аралығындағы жүктеме деңгейін таңдаңыз.

АВТО (AUTO): автоматты режимде жаттықсан кезде ватпен көрсетілген қуат деңгейі (70–300) көрсетілетін болады. «+/-» батырмаларының көмегімен пайдаланушы жаттығу қуатын өзінің физикалық жағдайына байланысты 70–300 ватт диапазонында теңшей алады. Қуатты теншеп, **Бастау/Тоқтау(START/STOP)** батырмасын басыңыз.

БАҒДАРЛАМАЛАР (PROGRAM): бұл режим 12 алдын ала орнатылған бағдарламаны — жаттығуларды қындау үшін жүктемені өзгертудің 12 кестесін ұсынады. Жаттығулардың алдын ала орнатылған 12 бағдарламасының біреуін таңдау үшін бағдарламаларды таңдау экранында «+/-» батырмасын басыңыз.



Егер **Бастау/Тоқтау (START/STOP)** батырмасын басып, екі секунд бойы ұстайтын болсақ, компьютер қайта жүктеледі де, U0 нөмірлі пайдаланушымен Bluetooth арқылы қосылу экраны көрсетіледі.

Жаттығу кезінде MANUAL және AUTO режимдері арасында ауысу үшін **Режим (MODE)** батырмасын басыңыз. **Режим (MODE)** батырмасын ұзақ басқанда сканерлеу режимі қосылады немесе өшіріледі. Bluetooth арқылы қосылу орнатылған болса, Bluetooth белгішесі жарықтандырылады.

#### 6.4 Мақсаттық мәндерді теншеву

Параметрді таңдау үшін — **Режим (MODE)** батырмасын, ал мәнді орнату үшін «+/-» батырмаларын басыңыз. Жаттығу мақсаты ретінде Уақыт (TIME), Қашықтық (KM) және Калорияларды (KCAL) таңдауға болады. Параметрлердің мақсаттық мәндерін өз бетіңізбен беруге болады. Жаттығу кезінде кері санақ басталады да, берілген параметрдің мақсаттық мәні нөлге дейін азаятын болады. Егер мақсаттық мәндер берілмеген болса, компьютер санақты нөлден бастайды, ал параметрлердің мәндері жоғарылайтын болады.

#### 6.5 Пульсті өлшеу

Жаттығу құрылғысы тұтқада орналастырылған пульс датчиктерімен жабдықталған. Пульсті өлшеу үшін екі қолмен датчиктердің түйіспелік беттерін ұстап, қолыңызды осы қалыпта қозғалмай ұстап тұрыңыз. Жүрек жиырылғанда пайда болатын кернеу датчиктермен тіркеледі де, компьютермен өндөледі. Пульс туралы деректер дисплейде ПУЛЬС терезесінде көрсетіletіn болады.

Кеуде таратқышы осы жаттығу құрылғысының жеткізілім жиынтығына кірмейді, оны қосымша сатып алуға кеңес беріледі.


Кеуде кардиодатчигін пайдалану үшін оны денеге пайдалану жөніндегі нұсқаулыққа сәйкес бекітіңіз. Бірнеше секундтан кейін компьютер дисплейінде сигналдың келгенін білдіретін таңба пайда болады және аз уақыттан кейін пульс жиілігі туралы деректер пайда болады. Пульсті сымсыз өлшеу жүйесін пайдалану жоғары дәлдікті ыңғайлылықпен үйлестіруге мүмкіндік береді, өйткені қолыңыз бос болады, одан бөлек, сізді жаттығу құрылғысымен байланыстыратын сымдар жоқ болады.

Жоғары вольтты аспаптар, трансформаторлар, теледидар, радиоқабылдағыштар, үялыш телефондар сияқты электромагнитті сәулелену көздері кардиодатчик пен қабылдағыш арасында деректердің берілуіне кедергі келтіруі мүмкін екендігіне назар аударыңыз. Жаттығу құрылғысын қабылдау аймағында (шамамен 1 м) кедергі көздері болмайтындей етіп орналастыруға кеңес береміз.

Пульс жиілігін өлшеу үшін кардиодатчик дененізден электр әлеуетін тіркейді, сондықтан түйісетін аймақтар теріге тығыз жанасып тұруы тиіс. Алайда, теріңіз аллергияға бейім болса, сіз таратқышты жұқа майқаның үстінен тақсаныз болады, бұндайда таратқыштың түйісу аймағына жанасатын матаны сулап қою керек. Алкогольді тұтыну не ағзаның жалпы сузыздануы аспаптың теріге дұрыс жанасуына кедергі келтіріп, өлшеудің дәлдігіне әсер етуи мүмкін екенін ескеріңіз. Жанасу алаңдарымен түйіскең аймақтағы терінің қалың түгі де деректердің бүрмалануына алып келуі мүмкін. Анағұрлым дәл өлшеу үшін жаттығуды бастамас бұрын жанасу аймақтарын сумен немесе арнайы электр өткізгіш гельмен аздал ылғалдандыруға кеңес береміз. Ол үшін вазелин мен құрамында майы бар кремдерді пайдаланбаңыз, өйткені олардың теріден импульстарды жазып алуға кедергі келтіретін оқшаулағыш қасиеттері бар болуы мүмкін.

#### Кеуде кардиодатчигін пайдалану

1. Кардиодатчикті созылғыш белбеуге бекітіңіз.



2. Кардиobelbeуді, суретте көрсетілгендей, денеге тағыңыз.

3. Бірнеше секундтан кейін компьютер дисплейінде сигналдың келгенін білдіретін таңба пайда болады және аз уақыттан кейін пульс жиілігі туралы деректер пайда болады.



**Назар аударыңыз!** Пульсті сымсыз өлшеу жүйесі пульс жиілігін өлшеудің жоғары дәлдігін қамтамасыз ететініне қарамастан, бұл медициналық аспап емес және диагностикалық немесе медициналық мақсаттарда пайдаланылуы мүмкін емес!

## 6.6 ҚАЛПЫНА КЕЛТІРУ (RECOVERY) функциясы

Жаттығудың белсенді бөлігі аяқталғаннан кейін Қалпына келтіру (RECOVERY) батырмасына басыңыз. Пульс датчиктері бар тұтқадан ұстаңыз. Компьютер ұзақтығы 1 минут уақыт ішінде кері санақ бастайды, пульс белгішесі жыптылықтап тұрады. Осы интервал аяқталғаннан кейін жүйе пайдаланушының дene күйін F1 – F6 шекілі бойынша бағалайды.

Нәтиже	Дене күйін бағалау	Пульстің бір минут ішінде қалпына келу жылдамдығы
F1	Тамаша	>50
F2	Жақсы	40–49
F3	Қанағаттанарлық	30–39
F4	Жарамды	20–29
F5	Көбірек жаттығу керек	10–19
F6	Жаттығу жеткіліксіз	<10

## 6.7 Мобилді құрылғыларды қосу



Жаттығу компьютері Bluetooth арқылы мобилді құрылғылармен қосылуды қолдайды және жаттығуға арналған мобилді қолданбаның орыс тіліндегі нұсқасын — Kinomar-ты пайдалана отырып, жаттығуға мүмкіндік береді.

Жаттығу құрылғысының компьютерін мобилді құрылғыға тек қана қуту режимінде қосуға болады. Мобилді құрылғы Bluetooth-бен (4.0 немесе одан кейінгі нұсқасы) жарақталған болуы тиіс.



1. Kinomar қолданбасын қолданбалар дүкені арқылы жүктеңіз (APP STORE немесе GOOGLE PLAY).
2. Мобилді құрылғыда Bluetooth функциясы қосулы екеніне көз жеткізіңіз. Kinomar қолданбасын ашыңыз. Есептік жазбаны тәншеңіз және параметрлер беріңіз.
3. Жабдықты қосу:
  - а) Қойындыға келесідей кіріңіз: Көбірек -> Жабдықты басқару —> Жаңа жабдықты қосу. KETTLER сауда маркасының белгішесін табыңыз және жаттығу құрылғыныздың моделін таңдаңыз.
  - б) Қойындыға келесідей кіріңіз: Көбірек -> Жабдықты басқару —> Жаңа жабдықты қосу. SENSORS — ANT+ Bluetooth Smart белгішесін таңдаңыз және «Интерактивті FTMS» таңдаңыз. Синхрондау бірнеше секунд алады.
4. Мобилді құрылғынызды жаттығу құрылғысындағы арнайы ұстағышқа орналастырыңыз. Жаттығу компьютері дисплейіндегі нұсқауларды орындаңыз.

### Kinomar қолданбасын пайдалану.

Қолданбада жаттығу жасауға қосымша уәждеме тудыруға көмектесетін видеороликтерді және коучинг бағдарламаларын табасыз. Тегін негізгі нұсқасында сіз үшін көптеген материал дайындалған. Жазылым қолданбаның кеңейтілген базасына және функцияларына қолжетімдік береді. Қолданба туралы толығырақ ақпаратты сілтеме бойынша табуға болады: [www.kinomap.com](http://www.kinomap.com)

## 6.8 Құту режимі

Егер жаттығу құрылғысы пайдаланылмай тұрса, жаттығу компьютері 4 минуттан кейін автоматты түрде өшеді. Жаттығу компьютерін кез келген батырмаға басқанда немесе педальға басқанда қосуға болады.

## 7 ЖАТТЫҒУ ЖАСАУ БОЙЫНША ҰСЫНЫМДАР

### НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ!



Бұл бөлім тек анықтамалық сипатта берілген. Жаттығу бағдарламаларын анықтағанда ауруларды, талдауларды және ағзаның жеке ерекшеліктерін ескеретін жеке бағдарламаларды қалыптастыру үшін бейінді маманға жүгіну керек. Дұрыс емес жаттығу бағдарламасы немесе шамадан тыс жүктемелер деңсаулыққа ауыр зиянын тигізуі мүмкін.

### НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ!



Егер шаршанқырап, өзінізді нашар сезініп немесе ауырсынып тұрсаңыз, жаттығу құрылғысында жаттығуды бастамаңыз. Жаттығу құрылғысында алкогольдік масаю күйінде немесе реакция мен зейінді нашарлататын препараттардың әсерінде болғанда жаттығуга қатаң тыйым салынады. Егер жаттығу кезінде жағдайыңыз нашарлап, басыңыз айналса немесе ауырсыну сезсеңіз, жаттығуды дереу тоқтатып, мүмкіндігінше, бірден дәрігерге жүгініңіз.

### 7.1 Дене дайындығы деңгейін анықтау

Жаттығулар жоспарын құрмас бұрын, қазіргі дене күйінізді тексерініз. Дене күйінізді дәрігер сынақтық жүктеме берудің көмегімен анықтай алады. Сынақ нәтижелері жаттығуларды жоспарлаудың негізіне алынуы туіс. Егер жүктеме сынағынан етпеген болсаңыз, жаттығу кезінде ауыр немесе шамадан тыс жүктеме алмау керек. Жоспарлаудың келесі негізгі қағидасын есепке алу қажет: төзімділікке жаттығу жүктеме көлемімен де, сондай-ақ жүктеменің мәнімен/қарқындылығымен де реттеледі.

### 7.2 Пульсті өлшеу

Пульс — спортшы үшін ең маңызды сипаттама, оның негізінде жүктеме таңдалады, жаттығулардың оңтайлы режимі өзірленеді, ағзаның жағдайы бақыланады және жаттығулар арасындағы үзілістердің ұзақтығы анықталады. Пульсометрі бар жаттығу құрылғылары ағзаға түсетін жүктемені қадағалауға және жаттығулар қарқындылығын бақылауға мүмкіндік береді. Жаттығу кезінде пульсті өлшеу үшін екі алақанды тұтқаларға қойып, дисплейде ағымдағы ЖСЖ мәні көрсетілетін ПУЛЬС терезесінде ақпараттың пайда болуын күту керек.

### НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ!



Жаттығу құрылғысы медициналық бүйім емес және де оны диагностикалық немесе өзге медициналық мақсаттарда пайдалануға болмайды! Жаттығу компьютерінің дисплейіндегі жүрек ырғағырының көрсеткіштері мен нақты мәндер арасында айырмашылық болуы мүмкін.

### 7.3 Жаттығу процесін ұйымдастыру

Жаттығулар бағдарламасын біртіндеп орындаі бастаңыз да, апта сайын жаттығулар көлемін арттыра беріңіз. Қысқа уақыт жаттығудан бастаңыз. Өзінізге тым қыын мақсаттар қоймаңыз және шамадан тыс жүктемеден аулақ болыңыз, өйткені бұл деңсаулыққа кері әсерін тигізуі мүмкін. Негізгі жаттығуларға қоса кардиожүктеменің басқа да түрін орындаңыз (велосипед тебу, билеу, сыртта жүгіру және т. б.). Жарық күн сөулесі немесе жасанды (неон, галоген) жарық астында жаттықпаңыз. Жаттығу алдында әрқашан кем дегенде 5 минут бой қыздырып алыңыз.

Пульсіңізді үнемі тексеріп отырыңыз. Егер сізде пульс жиілігін (ЖСЖ) өлшектін аспап болмаса, қандай аспап сатып алу керектігін дәрігермен кеңесініз. Жаттығулардың оңтайлы нәтижесіне жету үшін дәрігердің көмегімен жасыңыз бен дене дайындығыңыздың деңгейіне оңтайлы болатын ЖСЖ диапазонын анықтаңыз.

Жаттығу кезінде пульсті үш рет өлшеңіз:

1. жаттығу басталар алдында (тыныштық пульсі);
2. жаттығу басталғаннан кейін 10 минуттан соң (жұктеме пульсі немесе күйзеліс пульсі);
3. жаттығу аяқталғаннан кейін 1 минуттан соң (қалпына келу пульсі).

Жүрек соғы жиілігі нақты адамның жасына, денсаулық жағдайына және физикалық дайындық деңгейіне байланысты болады. Әр жас үшін жоғарғы және тәменгі шекті мәндермен шектелген ғылыми түрде негізделген рұқсатты ЖСЖ диапазоны бар. Келесі формулаларды пайдалана отырып, жас мөлшерінде сәйкес келетін ЖСЖ-нің жоғары шегін өз бетінде анықтай аласыз:

#### **Ерлерге:**

220 санынан өз жасынызды алу керек. Мысалы: ер адам 44 жаста болса, сәйкесінше, максималды ЖСЖ 220 - 44 немесе минутына 176 соққыдан аспауы тиіс.

#### **Әйелдерге:**

226 санынан өз жасынызды алу керек. Мысалы: әйел адам 44 жаста болса, сәйкесінше, максималды ЖСЖ 226 - 44 немесе минутына 182 соққыдан аспауы тиіс.

#### **△ НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ!**

Жоғарыда келтірілген формулалар жалпыға ортақ болып табылады, әр адам ағзасының жеке ерекшеліктері бар. Жасының, денсаулығыныздың жағдайына және дене дайындығының деңгейіне сәйкес келетін жүрек соғы жиілігінің қауіпсіз мәндерін тек қана емдеуші дәрігер анықтай алады.

Қауіпсіздік пен жаттығу тиімділігін арттыру үшін жаттығуды бастамас бұрын дәрігерге қаралып, өзініздің оңтайлы ЖСЖ диапазонынызды анықтап алыңыз.

Тәменде келтірілген кесте сізге жаттығу үшін пульстің оңтайлы ЖСЖ анықтауға көмектеседі.

Жас	50–65%	65–75%	75–85%	65–92%	80–92%
20–23	100–128	130–148	150–167	130–181	160–181
24–27	98–125	127–145	147–164	127–178	157–178
28–31	96–123	125–142	144–161	125–174	154–174
32–35	94–120	122–139	141–157	122–170	150–170
36–39	92–118	120–136	138–154	120–167	147–167
40–43	90–115	117–133	135–150	117–163	144–163
44–47	88–112	114–130	132–147	114–159	141–159
48–51	86–110	112–127	129–144	112–155	138–155
52–55	84–107	109–124	126–140	109–152	134–152
56–59	82–105	107–121	123–137	107–148	131–148
60–63	80–102	104–118	120–133	104–144	128–144
64–67	78–99	101–115	117–130	101–141	125–141
68–70	76–98	99–113	114–128	99–138	122–138

Калориялардың анағұрлым қарқынды шығыны «аэробты аймақта» болады, ол максималды күйзеліс пульсінің 65–75% шегінде болады.

#### **Мысалы, 40 жастағы ер адам үшін:**

Пульстің максималды мәні  $220 - 40 = 180$  құрайды. «Аэробты аймақтың» жоғарғы шегі —  $180 \times 75\% = 135$ . «Аэробты аймақтың» тәменгі шегі —  $180 \times 65\% = 117$

Есінізде болсын: ЖСЖ мәндері денсаулық жағдайының жалғыз көрсеткіші емес, сондықтан жаттығу кезінде хал-жағдайынызды мұқият бақылау қажет.

Жаттығудан кейінгі пульстің қалыпты жиілігінің қалпына келуі физикалық дайындықтың жалпы көрсеткіші болып табылады. Мінсіз жағдайда жаттығу аяқталғаннан кейін 1-1,5 минут ішінде пульс қалыпты мәнге оралуы тиіс.

### △ НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ!

Пульсті бақылау жүйелері бұрмаланған, дәл емес деректерді көрсетуі мүмкін. Жаттығу компьютерінің пульсті өлшеумен байланысты көрсеткіштерін анықтамалық ақпарат ретінде қабылдау керек. Шамадан тыс дене жүктемелері ауыр жарақаттарға немесе өлімге әкелуі мүмкін. Егер жаттығу барысында әлсіздік не ауру белгілерін сезсеңіз, жаттығуды дереу тоқтатып, дәрігерге қаралыңыз!

Майдың анағұрлым тиімді жойылуын қамтамасыз ететін жаттығулардың оңтайлы режиміне әрқайсысы 40-50 минут алатын, аптасына кемінде 3-4 жаттығу кіреді. Одан да қарқынды жаттықтан кезде кемінде бір күн толық демалу қажет.

Жаттығу кезінде сұйықтықты қебірек ішіңіз. Адамға күніне 2-3 литр сұйықтық ішуге кенес берілетінін ескеріңіз. Бірақ бұл қажеттілік жаттығу кезінде айтарлықтай арта туседі. Сіздің ішетін сұйықтығыңыз бөлме температурасында болуы тиіс.

## 7.4 Бой қыздыру және қалпына келтіру

Жаттығу алдындағы бой қыздыру ағзаңыздың жаттығуға бірқалыпты енүіне мүмкіндік береді де, спорттық жарақат алу қаупін айтарлықтай азайтады. Әдетте бой қыздыру буын қозғалғыштығына және бұлшықетті қыздыруға арналған жалпы физикалық жаттығулардан тұрады.

Тәзімділік пен жылдамдық-күш көрсеткіштерін дамыту үшін көптеген бой қыздыру жаттығуларын жаттығу бағдарламасына қосып, негізгі жаттығу кезінде қарқындылығын немесе жүктемесін арттырып орындауға болады.

Бой қыздыруға созылу элементтері кіреді, олар жалпы қозғалғыштықты сақтау үшін маңызды және қарқынды жаттығу бағдарламаларында күш көрсеткіштерін арттыруға септігін тигізеді. Жаттығуды бастамас бұрын, шамамен 10 минут бойы күрт қимылдар жасамай, жайлап созылып, бой қыздырыңыз. Сіз осындағы жаттығулардан жеке тізіміңді жасап алып, бірнеше ай сайын аздал өзгертіп отырсаныз болады.

Егер бір күні қатты шаршап, жоспарланған жаттығуға әлініз жоқ болса, бой қыздыру мен созылу жаттығуларының қысқа кешенін жасаңыз, сөйтіп өзіңізге женіл жаттығу күнін жасаңыз. Нәтижесінде ағзаңыз келесі жаттығу күніне дейін жақсырақ қалпына келіп үлгереді.

Сонымен қатар, қалпына келтіретін бірнеше жаттығуды орындау арқылы жаттығуды дұрыс аяқтауда маңызды. Көбінде ол тыныс алу жаттығулары (соның ішінде еңкею, қолды көтеру және екі жаққа созу) және созылу жаттығулары. Бұл бұлшықетіңізге босаңсып, теңірек қалпына келуге, ал жүрекке теңірек тыныштық күйіне өтуге көмектеседі.

Бұл жаттығуларды жұмыстан немесе сабақтан кейін, жаттығу жоспарланбаған күндері де орындауға болады. Осылай стресті басасыз және күн бойы шаршаган бұлшықетті босаңсытасыз. Егер отырып істейтін жұмыста жүрсөңіз, мұндай жаттығулар омыртқа ауруларының алдын алуға көмектеседі.

### △ НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ!

Жаттығу алдында статикалық созылуға арналған жаттығуларды орындаған жөн, бұл жаттығулар бүкіл дене бұлшықеті жақсы қыздырылған кезде, жаттығудан кейін орындауға арналған. Мұндай жаттығуларды бой қыздырмай жасаған кезде жарақат алу қаупі артады. Одан басқа, созылудың бұл түрі босаңсытудың көздейді, сондықтан созылған бұлшықеттермен кейінгі жаттығудың тиімділігі 15–20% төмендейді.

## Бой қыздыруға арналған базалық жаттығулар

- Мойын және иық**

Түрегеп түрған қалыпта басты алға және артқа, онға және солға бес-алты рет еңкейтіңіз, басты алдымен бір жаққа, сосын басқа жаққа айналдырыңыз.

Иықты көтеріңіз және түсіріңіз, оларды шенбер жасап синхронды түрде және кезек-кезек айналдырыңыз.

- Кол**

Қолмен баяу сермеп, қолды кезек-кезек жоғары көтеріңіз және сәл артқа қарай созып, екі жаққа жайыңыз.

Екі жаққа жайылған қолмен иықта, содан кейін шынтақ буынында баяу айналдыра қимыл жасаңыз.

Қолды алға қарай созып, бірнеше рет жұдырық түйіп-ашыңыз, содан кейін жұдырық түйіп, қолбасын жан-жаққа айналдырыңыз.

- Кеуде**

Кеуде мен арқа бұлшықеттерін созыңыз — алдымен арқаңызben сыртқа қарай доға жасаңыз, содан кейін түзулениңіз де, иықты артқа жіберіп, кеуде қуысын ашыңыз.

- Бел**

Алға, артқа және екі бүйір жаққа бес-алты рет еңкейіңіз, жамбасты бірнеше рет бұрыңыз, корпусты да екі жаққа қарай баяу бұрыңыз.

- Аяқ**

Біркелкі амплитудамен бірнеше рет аттап түсіңіз. Саныңызды жоғары көтеріп, бір орында біраз жүрініз.

Аяқ басын айналдырыңыз.

Алға қарай баяу еңкейіңіз, аяғыңызды түзу ұстап, саусақтарыңызды бақайлардың ұшына тигізуге тырысыңыз.

### Жаттығудан кейінгі созылу

#### Созылуды бастар алдында:

Тынысыңыз бер ЖСЖ қалпына келгенше күтіңіз. Бір жұтым су ішіңіз.

Өзіңізге орын дайындаңыз: гимнастикалық кілемшені тәсекіз, тірек табыңыз (мысалы, швед қабырғасы), өзіңізді айнадан көріп тұратын жерге жайғасуға тырысыңыз.

Созылмалы таспаны дайындаңыз — ол қозгалуға қыын қалыптарда денені ұстауға көмектеседі.

#### Созылу кезінде:

Жаттығуға белсенді қатыстырылған бұлшықет топтарымен жұмыс істеңіз. Барлық қимылды бірқалыпты және біртіндеп орындаңыз — серпіліп немесе жүлкіна жұмыс істеудің қажеті жоқ.



Бұлшықетті созбас бұрын оны босаңсытыңыз.

Не сезетініңізді қадағалаңыз — созылу мен жағымды ауырсыну сезімі – қалыпты жағдай, ал кенеттен қатты және ашып ауыру сезімі болмауы тиіс.

Жаттығуларды жұптасып жасамаңыз — басқа адам сіздің не сезетініңізді білмейді, сондықтан шамадан тыс басып не тартып жіберуі мүмкін.


Қалыпты дем алыңыз, тыныс аруды тоқтатпаңыз. Әр қалыпта 30 секундан артық болмаңыз.

### Созылуға арналған базалық жаттығулар




#### Мойын

Басыңызды екі жаққа және алға қарай бірқалыпты иіңіз, алақанмен жұмсақ баса отырып көмектесіңіз.

**Иық**

Қолды еденге параллель етіп созыңыз (оң қолды — солға, сол қолды — оңға), екінші қолмен шынтақ тұсына ақырынданап басыңыз.

**Бицепс**


Қолыңызды алға созыңыз, алақаныңызды жоғары қаратып ұстаңыз. Екінші қолмен саусақтарданап басып, төмен қарай тартыңыз.

**Трицепс**

Шынтағыңызды бүгіп, қолыңызды арқаға апарыңыз. Саусақтарыңызды омыртқа бойымен төмен қарай түсіруге тырысыңыз, екінші қолмен шынтақтан аздап басыңыз.

**Кеуде**


Қолды артқа қарай жіберіп, саусақтарды айқастырып, жоғары қарай созыңыз.

**Іш бүлшықеттері**

Оң қолды жоғары көтеріп, корпусты солға қарай еңкейтіп, солға қарай созылыңыз. Қимылды екінші қолмен қайталаңыз.

**Арқа және омыртқа**

Аяқты иық деңгейіне қойыңыз, сәл бүгіп, төмен қарай еңкейіңіз де, саныңызды құшақтап алыңыз. Корпусты төмен қарай созыңыз. Қолды аяқ саусақтарына қарай созып, тигізуге тырысыңыз.




#### Пресс

Екпетінен жатыңыз, қолыңызға тіреліңіз, престі соза отырып, дененізді жоғары қарай көтеріңіз. Басты түзу ұстаңыз.




#### Аяқ

Алға қарай аттап түсіп, корпусты тірек аяқтың тізесіне қарай еңкейтіңіз, сонда екінші аяқтың балтыры және тақым бұлшықеттерін созасыз.




Алға қадам жасап, аяқты өкшеге қойыңыз. Салмақты екінші аяққа түсіріңіз, оны сәл бүгіңіз. Қолыңызды тізеге қойып, төмен қарай еңкейтіңіз де, сан бицепспін және тақым сіңірлерін созыңыз.



Тізені бүгіп, аяқты артқа жіберіңіз де, аяқ басынан ұстаңыз. Квадрицепсті созу үшін табанды бөксеге қарай басыңыз.




Бір аяқпен алға алшақ аттап түсіп, қолды жоғары көтеріңіз де, шап бұлшықеттерін созыңыз.



#### Сан және бөксе

Тізені бүгіп, аяқты көтеріңіз де, саныңызды ішке қарай басыңыз. Сан бицепспі мен бөксе бұлшықеттерін созу үшін қолмен сирақтан басыңыз.

**Бүкіл дене үшін**

Диірмен — қарқынды жаттығудан кейін бүкіл дене бұлшықеттерін созуға арналған классикалық жаттығу. Аяқты иық деңгейінен алшақ қойып, қолды екі жаққа жайыңыз, алға қарай еңкейіңіз де, саусақтармен кезек-кезек бақайларыңызға тигізіңіз (немесе әзірше бақайларға тигізе алмасаңыз, қолды соларға қарай созыңыз).

## 8 ЖАТТЫГУ ҚҰРЫЛҒЫСЫНА ТЕХНИКАЛЫҚ ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУ ЖӘНЕ ЖӘНДЕУ



**НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ!** Жаттығу құрылғысына кез келген құрделі техникалық қызмет көрсетуді немесе жәндеу жұмыстарын тек сервистік орталықтардың білікті қызметкерлері ғана жүзеге асыруы тиіс.

### 8.1 Жаттығу құрылғысына пайдаланушы тарапынан көрсетілетін техникалық қызмет

Ұқыпты пайдалану мен уақтылы құтім жасау спорттық жабдықтың қызмет мерзімін ұзартып, жаттығу кезінде қауіпсіздік пен жайлыштық деңгейін арттырады.

#### Күн сайын:

- бейімдегішті, қуат беру кабелін және қуат беру кабелінің ашасын зақымданудың, сынудың баржына, аша түйіспелері люфтінің пайда болуына тексеріп отырыңыз;
- жаттығу құрылғысының орнықтылығын тексеріп жүріңіз, қажет болса, еден қисықтығы компенсаторларының көмегімен жаттығу құрылғысының қалпын реттеңіз;
- терді, майды және басқа кірді кетіру үшін жаттығу құрылғысының тұтқаларын, педальдарын және жаттығу құрылғысының басқа бөлшектерін суга немесе жуғыш құралдың әлсіз ерітіндісіне малынған жұмсақ түксіз матадан жасалған сұлықпен сүртіп жүріңіз;
- жаттығу құрылғысының зақымданбағанын қарап, тексеріп жүріңіз;
- жаттығу құрылғысы жұмыс істеп тұрған кезде қандай да бір бөгде шу немесе оған тән емес дыбыстардың жоқтығын тексеріп тұрыңыз.

#### Алта сайын:

- жаттығу құрылғысының көлденең орналасуын тексеріп жүріңіз, қажет болған жағдайда еден қисықтығы компенсаторларының көмегімен жаттығу құрылғысының қалпын реттеңіз;
- қозғалмайтын элементтердің бекітілуін тексеріп жүріңіз, олар былқылдамай, тығыз бекітіліп тұруы тиіс;
- жаттығу құрылғысын құрастырғанда тартып бұралған бұрандалы қосылыстарды тексеріп жүріңіз; қажет болса, оларды қатайтып бұраңыз;
- қозғалмалы элементтердің жүрісін және бекітпелерінің беріктігін тексеріп жүріңіз;
- жаттығу құрылғысындағы электрондық құрылғылардың (батырмалар, сенсорлар, датчиктер және т. б.) жұмысын тексеріп жүріңіз.

#### Ай сайын:

- жаттығу құрылғысының астындағы және айналасындағы кеңістікті шаңсорғышпен тазалап тұрыңыз.

### 8.2 Жаттығу құрылғысына сервистік орталық мамандарының тарапынан көрсетілетін техникалық қызмет

Жаттығу құрылғысының қызмет мерзімін ұзарту үшін жылына бір рет сервистік орталыққа жүгініп, жаттығу құрылғысын тексеруге және оған кәсіби техникалық қызмет көрсетуге кеңес береміз.

### 8.3 Жаттығу құрылғысын жәндеу

KETTLER жаттығу құрылғыларының бәріне кепілді қызмет көрсетіледі.

Егер қандай да бір ақау пайда болса, жаттығу құрылғысын пайдалануды дереу тоқтатыңыз. Жаттығу құрылғысын өз бетіңізбен жәндеуге тырыспаңыз. Білікті жәндеуден өткізу үшін Сатушының сервистік қызметіне жүгінуізді сұраймыз.



**Жаттығу құрылғысының конструкциясына қандай да бір өз бетінше өзгеріс енгізу немесе өндіруші не оның үекілетті өкілі (Сатушы) кеңес бермеген аксессуарлар мен керек-жарақтарды пайдалану жабдықтың бұзылуына, пайдалануының жарақат алуына және кепілді қызмет көрсетуден бас тартуға себеп болуы мүмкін.**

Үәкілдеппі сервистік орталықтар туралы ақпаратты Сатушыдан алуға болады.

## 9. ЖАТТЫҒУ ҚҰРЫЛҒЫСЫН ТАСЫМАЛДАУ, САҚТАУ ЖӘНЕ КӨДЕГЕ ЖАРАТУ

### 9.1 Жаттығу құрылғысын тасымалдау

- Жаттығу құрылғысын тек зауыттық немесе сапасы соған үксас қаптамада тасымалдауға рұқсат етіледі. Жаттығу құрылғысын болашақта тасымалдау қажет болған жағдай үшін зауыттық қаптаманы сақтап қоюға кеңес береміз.
- Бөлшектелген күйде жеткізілетін жаттығу құрылғыларын тек бөлшектелген күйде ғана қайта тасымалдауға болады.
- Жаттығу құрылғысының конструкциясында әртүрлі электрондық компоненттер қолданылуы мүмкін, олар қатты діріл немесе соққы салдарынан зақымдалуы мүмкін. Тасымалдау кезінде жаттығу құрылғысын артық селкілдетпеніз, биіктен құлауына жол берменіз.
- Жаттығу құрылғысы тасымалданған кезде жаңбырдан, қардан және басқа да атмосфералық өсерлерден сенімді қорғалуы тиіс.


### 9.2 Жаттығу құрылғысын сақтау шарттары

- Жаттығу құрылғысы құрғақ жылжыллатын орынжайларда ауаның температурасы +10 °C – +35 °C және ауаның салыстырмалы ылғалдылығы 75% аспайтын жерде сақталуы тиіс.
- Жаттығу құрылғысын жылжылмайтын орынжайларда, сонымен қатар шаң басқан орынжайларда және ылғалдылығы жоғары орынжайларда сақтауға жол берілмейді.
- Жаттығу құрылғысын судан қорғаған жөн.
- Жаттығу құрылғысы сақталатын орынжайда агрессиялық қоспалар (қышқыл мен сілті булары) болмауы тиіс. Жаттығу құрылғысы сақталатын жерде аэрозольдарды шашыратпаңыз.

### 9.3 Жаттығу құрылғысын көдеге жарату



**НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ!** Бұл жаттығу құрылғысы тұрмыстық қалдықтарға жатпайды. Жаттығу құрылғысының қызмет мерзімі аяқталғаннан кейін оны көдімгі тұрмыстық қоқыспен бірге тастауға болмайды.



Жаттығу құрылғысы қалдықтарды көдеге жарату және қайта өндөу жөніндегі мемлекеттік және муниципалдық заңнама нормаларына сәйкес көдеге жаратылуы тиіс. Жаттығу құрылғысын дұрыс көдеге жаратуды қамтамасыз етіп, сіз табигат қорларын үнемдеуге және қоршаған орта мен адамдар денсаулығына зиян келтірмеуге көмектесесіз. Спорттық жаттығу құрылғыларын көдеге жарату ережелері және көдеге жарату мен қайта өндөуге қабылдау орындары туралы толығырақ ақпаратты жергілікті муниципалдық органдардан немесе тұрмыстық қоқысты шығаратын кәсіпорыннан алуға болады.







Сауда маркасы: KETTLER Моделі: Rivo 5

Қытайда жасалған.

Кепілдік мерзімі: жаттығу құрылғысына – 3 жыл, қаңқасына – 7 жыл

Жаттығу құрылғысының қызмет мерзімі: 7 жыл

Импорттаушы және Дайындаушы уәкілеттік берген үйым: «Спортмастер Казахстан» ЖШС Занды мекенжайы: 117437, Мәскеу қ., Миклухо-Маклай к-сі, 18-үй, 2-корпус, 102-бөлме

Анықтама қызметі: 8 495 777-777-1

Бұл тауар Ресей Федерациясы заңнамасының талаптарына сәйкес сатылады.

Кепілді жөндеу кезінде немесе заңмен қарастырылған өзге де талаптар қойылған кезде тауардың сатып алынған күнін растау үшін ілеспе құжаттарды (чек, түбіртек, сатып алу күні мен орнын растайтын өзге де құжаттарды) сақтап қояныңызды сұраймыз.

Өндіруші тұтынушыға алдын ала хабарламай, бұйымның жиынтықтамасына, дизайнына, функциялық мүмкіндітеріне, соның ішінде техникалық және бағдарламалық жасақтамасына өзгертулер енгізу құқығын өзіне қалдырады.

Rivo 5. Пайдалану және құрастыру жөніндегі нұсқаулық. V.1.0.1.

